


ISSN: 2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

1(13)2026



ӘОЖ 94(574)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 1950-1980 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ КИНОХРОНИКАНЫҢ ДЕРЕКТІК ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Ы. Дәулет

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан)

Аңдатпа. Кинохроника материалдары белгілі бір кезеңнің күнделікті өмірін, еңбек үдерісін, адамдардың әлеуметтік жағдайын тікелей көрсететін маңызды дерек. Бұл материалдар көптеген қызықты жаңалықтарды, тәжірибелерді қамти алады. Олардың құндылығы айқын. Қазақстанның 1950-1980-ші жылдардағы кинохроникаларын Қазақ КСР Ғылым Академиясының, ғылыми-зерттеу институттарының, мемлекеттік мекемелердің мамандандырылған кино және фотосурет бөлімдері түсірді. Оның тақырыптары Қазақ КСР Ғылым және Техника жөніндегі мемлекеттік комитетімен нақтыланып отырды. Кинохроникалар мен ғылыми зерттеу кадрлары белгілі бір уақыт кезеңіндегі ғылым мен техниканың жай-күйі мен дамуына кең шолу жасайды, сондықтан оның әлеуметтік тарихты зерттеудегі деректік құндылығы жоғары. Олар экономиканың, ғылымның, өндірістік сияқты қызметтердің нақты аспектілерін көрсететін ақпаратты қамтиды және кинохроника сипаттағы фотоқұжаттамалар жазбаша тарихи деректерді толықтырады. Мақалада талданған архив құжаттарында еліміздің әлеуметтік тарихының дамуына қатысты оқиғалар қамтылған.

Мақаланың мақсаты – Қазақстанның 1950-1980-ші жылдарында түсірілген кинохроникалардың әлеуметтік тарихты зерттеудегі деректік құндылығын қарастыру және кинохроникадан алынған материалдарды дереккөз ретінде қолданудың аясын кеңейту. Зерттеу жұмысымызда талданған кинохроника материалдары кеңестік кезеңнің өндіріс орындарындағы жұмысшы табының нақты өмірін, динамикалық бейнесін және аймақтың әлеуметтік тарихын жасауда сол кездегі фильм ретінде басылған тарихи көріністер баға жетпес дереккөз болып табылатындығын дәлелдей түседі.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Тақырып бойынша ғылыми әдебиеттер мен ғалымдардың еңбектерін салыстырмалы тұрғыдан талдау, материалдарды жүйелеу кіреді. Соның ішінде ғылыми еңбектерде жасалған тұжырымдарды архивтік құжаттарды талдау арқылы бекітуде тарихи және мұрағаттық тәсіл қолданылды. Әлеуметтік тарихқа қатысты кинохроника материалдарын ғалымдардың теориялары арқылы зерттеуде және оның деректік құндылығын қарастыруда салыстырмалы тәсіл қолданылды.

Тірек сөздер: кинохроника, кеңестік кезең, әлеуметтік тарих, дереккөз, деректі фильм, фотоқұжаттар, дыбыстық жазбалар.

Сілтеме жасау үшін: Дәулет Ы. Қазақстанның 1950-1980 жылдардағы әлеуметтік тарихын зерттеудегі кинохрониканың деректік құндылығы // MUSEUM.KZ. 2026. №1 (13), 71-79 бб. DOI 10.59103/muzkz.2026.13.08

ДОКУМЕНТАЛЬНАЯ ЦЕННОСТЬ МАТЕРИАЛОВ КИНОХРОНИКИ В ИЗУЧЕНИИ СОЦИАЛЬНОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В 1950-1980-Х ГОДАХ

Ы. Дәулет

Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Казахстан)

Аннотация. Кинохроника является важным источником, непосредственно отражающим повседневную жизнь, трудовой процесс и социальные условия жизни людей определенного периода. Эти материалы могут содержать множество интересных новостей и событий. Их ценность очевидна. Кинохроника Казахстана 1950-1980-х годов снималась специализированными кино- и фотоотделами Академии наук Казахской ССР, научно-исследовательских институтов и государственных учреждений. Темы фильмов определялись Государственным комитетом по науке и технике Казахской ССР. Кинохроника и научно-исследовательские материалы дают широкое представление о состоянии и развитии науки и

техники в определенный период времени, поэтому их документальная ценность в изучении социальной истории высока. Они содержат информацию, отражающую конкретные аспекты экономики, науки и производства, а фотодокументация кинохроники дополняет письменные исторические данные. Архивные документы, проанализированные в статье, содержат события, связанные с развитием социальной истории нашей страны.

Цель статьи – рассмотреть документальную ценность кинохроники, снятой в Казахстане в 1950-1980-х годах, в изучении социальной истории и расширить сферу использования материалов кинохроники в качестве источников. Проанализированные в нашей исследовательской работе материалы кинохроники доказывают, что исторические сцены, запечатленные на пленке в то время, являются бесценным источником для создания реального, динамичного образа жизни рабочего класса на промышленных предприятиях советского периода и социальной истории региона.

Материалы и методы исследования. Включает сравнительный анализ научной литературы и работ ученых по теме, систематизацию материалов. В частности, историко-архивный подход использовался для подтверждения выводов, сделанных в научных работах, посредством анализа архивных документов. Сравнительный подход применялся для изучения кинохроники, связанной с социальной историей, с точки зрения теорий ученых и для оценки ее документальной ценности.

Ключевые слова: кинохроника, советский период, социальная история, источник, документальный фильм, фотодокументы, звукозаписи.

Для цитирования: Даулет Б. Документальная ценность материалов кинохроники в изучении социальной истории Казахстана в 1950-1980-х годах // MUSEUM.KZ. 2026. №1 (13), с. 71-79. DOI 10.59103/muzkz.2026.13.08

THE DOCUMENTARY VALUE OF NEWSREEL MATERIALS IN THE STUDY OF THE SOCIAL HISTORY OF KAZAKHSTAN IN THE 1950S-1980S

Y. Daulet

Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan)

Abstract. Newsreels are an important source directly reflecting the daily life, work processes, and social conditions of people of a given period. These materials can contain a wealth of interesting news and events. Their value is obvious. Newsreels of Kazakhstan from the 1950s to the 1980s were produced by specialized film and photography departments of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, research institutes, and government agencies. Film themes were determined by the State Committee for Science and Technology of the Kazakh SSR. Newsreels and research materials provide a broad understanding of the state and development of science and technology in a given period, making them highly valuable in the study of social history. They contain information reflecting specific aspects of the economy, science, and production, while photographic documentation from newsreels complements written historical data. The archival documents analyzed in this article contain events related to the development of the social history of our country.

The purpose of this article is to examine the documentary value of newsreels filmed in Kazakhstan from the 1950s to the 1980s for the study of social history and to expand the scope of their use as sources. The newsreel materials analyzed in our research demonstrate that historical scenes captured on film at that time are an invaluable source for creating a realistic, dynamic image of working-class life in Soviet-era industrial enterprises and the region's social history.

Research materials and methods. Includes a comparative analysis of scientific literature and scholarly works on the topic, as well as a systematization of the materials. Specifically, a historical-archival approach was used to confirm the conclusions reached in scholarly works through the analysis of archival documents. A comparative approach was employed to study newsreels related to social history, from the perspective of scholarly theories, and to assess their documentary value.

Keywords: newsreel, Soviet period, social history, source, documentary film, photographic documents, sound recordings.

For citation: Daulat Y. The documentary value of newsreel materials in the study of the social history of Kazakhstan in the 1950s-1980s // MUSEUM.KZ. 2026. №1 (13), pp. 71-79. DOI 10.59103/muzkz.2026.13.08

Кіріспе. Бүгінгі цифрландыру жағдайында кинохроникадан алынған материалдарды білім алушыларға білімдерін жетілдіруге көмектесетін ресурс ретінде пайдалану өте тиімді. Бұл дәстүрлі білім беру мен цифрлық технологияларды біріктіретін тиімді ресурстардың бірі. Ол оқу процесінің барлық компоненттерін біртұтастыққа біріктіретін бірегей электрондық білім беру ортасын жасауға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда аудиовизуалды құжаттамамен жұмыс істеу теориясы мен әдіснамасы қалыптасып, дереккөздерді әлеуметтік тарихты зерттеуде пайдалану артып келеді. Кинохроника материалдарының қазақ халқының әлеуметтік тарихын, жекелеген саяси тұлғалардың өмірбаянын, танымал туындыларды жаңа қырынан зерттеуде деректік маңыздылығы жоғары. Кинохроника материалдары әлеуметтік тарихты нақты көріністер арқылы зерттеуге мүмкіндік береді және ондағы бейнеленген тарихи оқиғаларды зерттеудің жаңа әдістерін ашуға септігін тигізеді. Қазақ кинохроникасының материалдарын әлеуметтік тарихты зерттеуде дереккөз ретінде пайдалану тарихи оқиғаларды қайта жаңғыртып, ондағы әлеуметтік мәселелерді түсінікті етудегі айқындығы жазба деректерді толықтыра түседі.

Нәтижелерді талқылау. Қазіргі таңда Қазақстанның әлеуметтік тарихын зерттеуде көптеген тарихшылар кинохроника материалдарын дереккөз ретінде қарастырады. Кинохроника тарихын зерттеушілердің бірі Г.А. Сексенбаева. Оның «Орталық мемлекеттік кино, фото және дыбыс жазбалары архиві: тарих және қазіргі заман» атты оқулығында аудиовизуалды құжаттардың әлеуметтік ақпарат көзі ретінде қалыптасуы мен даму заңдылықтары қарастырылған [Сексенбаева, 2014]. Автор қазіргі таңда 1950-1970 жылдардағы кино, фото және дыбыс жазбаларына тарихи дереккөз ретінде назар аударудың артқандығын айтады. Соның ішінде тарихи ақпаратқа деген сұраныс нәтижесінде аудиовизуалды дереккөздердің маңыздылығы артуда. Автор өз зерттеуінде аудиоқұжаттардағы жалпы мәдени тарих және этнография үшін құнды дереккөз болып табылатын тарихи материалдардың маңыздылығына тоқталған. Автор мәдени және әлеуметтік тарих бойынша фотоқұжаттардың деректік құндылығын жоғары бағалайды [Сексенбаева, 2014: 25]. Ал сайып келгенде бұл кинохроникалардағы бейнеленген материалдардың барлығы тарих ғылымы үшін кеңес халқының әлеуметтік тарихын зерттеуде дереккөз ретінде өте құнды.

Қазіргі уақытта аудиовизуалды материалдарды әлеуметтік тарихты зерттеуде қолданудың маңыздылығы Т.Т. Далаева және т.б. авторлардың бірлесіп жазған еңбегінде кеңінен қарастырылған [Далаева және т.б., 2024]. Ұжымдық монография Жаңа және қазіргі заманның әлеуметтік тарихы мен мәдени жадының аудиовизуалды әңгімелері мен сюжеттерін зерттеуге арналған. Бұл зерттеу XIX және XX ғасырдың басындағы дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік процестерді түсіну үшін фотосуреттер мен олардың мазмұнын зерттеуде болып жатқан өзгерістерді егжей-тегжейлі түсінуге және қазіргі заманға біртіндеп көшу кезеңіне тән әлеуметтік тарихтың негізгі тақырыптарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл аудиовизуалды материалдарды пайдалана отырып, әлеуметтік қатынастарды зерттеудің жаңа тәсілін білдіреді. Авторлар өз зерттеулерінде әлеуметтік-тарихи тәсілді қолдана отырып, архивте сақталған суреттерді олардың жасалуы мен пайдаланылуын ғылыми тұрғыда қарастырады [Далаева және т.б., 2024: 111].

XX ғасырдың басында қазақ халқының этнографиялық және әлеуметтік тақырыптарын баяндау фотографиялық тәжірибеде фотожазбаның нысаны болмай, отбасылық естеліктер мен өзін-өзі бейнелеу бейнелерін жасаудың субъектілеріне айналды. Дегенмен, олар кеңестік кезеңде өздерінің тәуелсіз субъективтілігін белсенді түрде білдіре бастады [Далаева және т.б., 2024: 126]. Авторлар мұндай фотосуреттердің осы кеңестік кезеңнен бастап тарихи тұрғыдан зерттеле бастағанын айтады.

Джон Кларк пен Г. Сексенбаеваның бірлесіп жазған «Тарихты бейнелеу: Кеңестік Қазақстан киножурналы» атты ғылыми мақаласында кинохроника материалдарын XX ғасырдағы мәдениеттің жеке өнімі және өзінің құқында маңызды дерек ретінде қарастырады [John Clarke, Seksenbayeva G., 2018]. Авторлар: «кинохрониканың бейнелері шындық туралы біздің білімімізді біршама кеңейтуге көмектеседі және тарихтың табиғаты туралы түсінігіміздің өзгеруіне ықпал етеді», – деген тұжырым жасайды. Авторлардың айтуынша, кинохрониканың мазмұнын мұқият зерттеу, ондағы тарихи деректердің тәуелсіз тобы ретіндегі құндылығын дәлелдейді. Талдаудың жаңа әдісін қолдануға тиісті мұндай зерттеу, ғылыми және қоғамдық білім берудің құралы ретінде, фильмді ендірумен байланысты. Бұл бұған дейін тарихта аз зерттелген мәселелерді айқындауға көмектеседі. Мұнда 1930-1990 жылдарға дейін Қазақстан халқының көпшілігі үшін бұқаралық ақпарат құралдарының болмауынан кинохроника материалдарын XX ғасырдағы әлеуметтік және мәдени өзгерістерді зерттеуде жақсы мүмкіндік беретінін баса көрсету маңызды. Өткеннің дерегі ретінде баға беруде кинохрониканың деректік маңызы енді ғана айқын бола бастады. Іс жүзінде кинохрониканы зерттеу қоғам мен идеялар әлемінде болып жатқан оқиғаларды және жазба деректерден алуға болмайтын деректерді көбірек қамтуы мүмкін [John Clarke, Seksenbayeva G., 2018: 62].

Г.А. Сексенбаеваның келесі «Қазақстан мәдениетінің аудиовизуалды көрінісі» атты зерттеуінде тарихи білім бойынша аудиовизуалды дереккөздердің ақпараттық құндылығы қарастырылған [Сексенбаева, https://studwood.net/2364474/istoriya/audiovizualnaya_reprezentatsiya_kultury_kazahstana]. Автор архив құжаттары негізінде аудиовизуалды дереккөздерді талдай келіп, онда физикалық, биологиялық, географиялық және медициналық ғылымдар саласы бойынша ең көп көрнекі дереккөздер бар екенін көрсетеді. Г.А. Сексенбаева өз зерттеуінде алуан түрлі дыбыс құжаттарын тақырыбына қарай съездер мен басқа да қоғамдық білім беру жиналыстарының жұмысын көрсететін дыбыс жазбалары, жоғары оқу орындарының, мәдени қоғамдар мен ұйымдардың қызметі және т.б. деп бөліп қарастырған. Бұл аудиовизуалды материалдарды дереккөз ретінде жүйелеу арқылы оның құндылығын ашып көрсетеді.

Қазіргі таңда кинохроника материалдарын әлеуметтік тарихты зерттеумен қатар білім беруде қолданудың маңыздылығы артып келеді. Орыс ғалымдарының ішінде тарихты оқытуда кинематографияны қолданудың тиімділігі мен орындылығы туралы мәселені алғаш көтерген В. Леликов болды [Леликов, 1908]. Автор оқу үрдісінде кинематографияны қолдану қолжетімді екенін айта келіп, оның білім беру процесін түсінікті ететіне назар аударған. Сол сияқты В. Музовская: «оқу процесінде кино оқытудың басты құралына айналуы керек», – деген тұжырым жасаған [Музовская, 1909]. Автордың айтуынша, киноның көрнекі аспектісі оқыту құралдарын оқытуда жетекші рөл атқаруы керек. Ондағы негізгі идея білім алушылардың назарын барынша аударатын және оларды белгілі бір тақырыпты зерттеуге ынталандыратын оқу құралдарын пайдалану.

Сол сияқты кинохроникадан алынған материалдарды оқу үрдісінде пайдаланудың жалпы әдіснамасы А.М. Гельмонт [Гельмонт, 1927], Ю.И. Мнежинская [Мнежинская, 1927] және Б.Н. Кандырин [Кандырин, 1929] сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. П. Первов өзінің «Қоғам аудиториясындағы кино» атты мақаласында, оқу үрдісінде фильммен жұмыс істеудің бірнеше тәсілін анықтаған [Первов, 1916: 217]. Автор оқу үрдісінде кино көрсетуді әдебиет саласында шығармалар жазуда тиімді тәсілдердің бірі ретінде қарастырады. Бұл әдісті жақтаушылардың бірі – С.Н. Пензин болды. Ол өзінің «Кинематография және оның білім берудегі рөлі» атты кітабында киноның білім берудегі маңыздылығын және педагогикалық рөлін қарастырды [Пензин, 1987].

Тарихтағы киноның пән ретіндегі маңыздылығы туралы алғашқы еңбектің авторы – В.А. Готвальт [Готвальт, 1909: 12]. Ол өз еңбегінде киноның деректі қызметі және киноның тарихи құндылыққа ие болу мүмкіндіктері туралы ойларын жазған. Автор өз зерттеуінде: «деректі фильм ең сенімді тарихи дереккөз» деген тезисті алға тартты. Автор оқу үрдісінде тарихи киноларды пайдаланудың алгоритмін жасады.

Жалпы киноның екі негізгі жанры болып деректі және көркем фильмдер саналады. Ондағы деректі фильмдер – нақты оқиғалар мен адамдардың тарихын баяндайтын өнер туындысы. Ол шындықты сипаттауға және талдауға, тарихи фактілерді түсіруге, сондай-ақ автордың көзқарасын бөлісуге тырысады. Сондықтан тарих сабақтарында деректі фильмдерді пайдалану білім алушыларға теориялық материалды нақты өмірлік мысалдармен және оқиғалармен толықтыруға, сонымен бірге тарихи оқиғалар арқылы халықтың әлеуметтік жағдайын және олардың салдарын жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Кинохроникадан алынған материалдар тарихи оқиғаларды талдау және бағалау дағдыларын дамытады.

В.А. Готвальттың «деректі фильм ең сенімді тарихи дереккөз» деген тезисі В. Леликов пен В. Музовскаяның кинохроника материалдары тарихты зерттеуде дереккөз ретінде деректік құндылыққа ие болу мүмкіндіктері туралы айтқан тұжырымдарын дәлелдей түседі. Кеңестік кезеңде кинохроника материалдарын дереккөз ретінде зерттеген ғалымдардың бірі С.И. Черепинский болды. Ол фильм тек белгілі бір процеспен ғана емес, сонымен қатар тез өзгеретін құбылыспен танысуға қызмет етеді деп тұжырымдады [Черепинский, 1989: 14]. Автордың пікірінше, кино білім әлеміне жол көрсетуші. С.И. Черепинский: «кино мен тарихты қоғамның өткенді түсінуін қалыптастырудың маңызды бөлігі» деген тұжырым жасайды. Оның тұжырымы бойынша бірінші компонент – фильмдерде бейнеленген оқиғаларды тарихи шындықты зерттеу құралы ретінде пайдалану, киноның кең әлеуметтік контекстке қатысты функциясы және кино қосалқы тарихи дереккөз ретінде қоғамды талдауға мүмкіндік береді. Екінші компонент – фильмді белгілі бір тарихи оқиғалардың көрінісін жасау құралы ретінде қабылдау бейнеленген оқиғалардың шынайлығы және оларды қою құралдары туралы сұрақтар қоюға мүмкіндік береді. Бұл тарихи оқиғаларды нақты түсінуге және оның мазмұнын ашуға септігін тигізеді. Үшінші компонент – киноны өндіру, ол мәдени және әлеуметтік идеялармен біріктіріледі. Соңында кино өнімдерін жасау және олардың қоғамда пайда болуы үшін негіз болып табылатын мәдени органы зерттеу болып табылады [Черепинский, 1989: 18]. Кинохроникадан алынған материалдарды оқу үрдісінде пайдалану тарихқа нақты көзқарас бере алады, көбінесе жоғалып кеткен немесе өзгерген дәуірлерді және мәдениеттерді ашады.

1950-1980 жылдардағы еліміздің өндірістік орындарында жұмыс істеген жұмысшылар туралы түсірілген кинохроникалар кеңес халқының әлеуметтік тарихын зерттеуде дереккөз ретінде ерекше құнды. ҚР Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архивінен алынған Архив №103 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 103], Архив №104 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 104], Архив №108 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 108], Архив №110 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 110], Архив №115 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 115], Архив №127 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 127], Архив №130 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 130] кинохроника материалдарында 1950-1980-ші жылдары Алматы қаласының өндірістік орындарында жұмыс істеген жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы сол уақыт қалпында бейнеленген. Бұл кинохроникалардан сол кездегі еңбек мәдениеті мен өндірістік тәртіп айқын көрінеді. Онда жұмысшылардың Алма-Ата II станциясындағы вагон доңғалақтарын жөндеу шеберханаларындағы жұмыстары, Алма-Ата-1 станциясы теміржолшылары мен рельстерде вагондары бар локомотивтер және пойыздарды жөнелту жұмыстары бейнеленген. Сондай-ақ аталған кинохроникаларда Алматы қаласындағы кондитерлік фабрика жұмысшыларының әлеуметтік мәртебесі көрініс табады. Мұнда жұмысшылардың жетістіктері, марапаттаулары, еңбек озаттары ретінде танылуы жиі кездеседі. Бұл кеңестік қоғамда жұмысшы табының жоғары әлеуметтік маңызға ие болғанын дәлелдейді.

Алматы мата фабрикасының жіп иіру цехында шикізат және шығындарды үнемдеу байқаулары, үнемделген шикізатты пайдаланатын жаңа өндіріс әдістеріне, зауыт шеберханаларына арналған жабдықтар және Алматы мата фабрикасының өндірісінің артуының бейнеленуі аталған уақыттағы қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуын көрсетеді. Жұмысшылардың өндірістік орындардағы қызметі, станок жанындағы еңбегі, ұжымдық жұмыс түрлері бейнеленген кинохроникалардан сол кезеңдегі социалистік еңбек адамының бейнесін сол қалпында көреміз. Сонымен қатар бұдан Алматы қаласының

индустриялық дамуы байқалады. Қаладағы өндірістік орындардың кеңеюі, жаңа зауыттардың іске қосылуы, техникалық жаңалықтардың енгізілуі қаланың әлеуметтік-экономикалық құрылымының өзгеруін көрсетеді. Бұл киноқұжаттар әлеуметтік тарихты зерттеуде маңызды ақпарат көзі саналады. Жұмысшылардың сырт келбеті, киім үлгісі, ұжымдық қарым-қатынасы, еңбек мәдениеті сол кезеңдегі қоғамның әлеуметтік құрылымы арқылы жұмысшы табының орнын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кинохроникалар сол кезеңде идеологиялық дереккөз қызметін атқарғандығы аңғарылады.

Архив №127 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 127], Архив №129 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 129], Архив №115 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 115], Архив №110 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 110], Архив №106 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 106] кинохроника материалдарында 1950-1980-ші жылдары Қарағанды қаласының көмір бассейні, металлургиялық зауыттар мен аяқ киім фабрикасында еңбек еткен жұмысшылар, сондай-ақ болашақ кеншілер бейнеленген кинохроникалар өңірдің әлеуметтік тарихын кешенді түрде көрсетілуімен ерекшеленеді. Аталған кинохроникаларда көмір бассейнінде еңбек еткен кеншілердің ауыр әрі қауіпті жұмысы көрсетілген. Шахтадағы еңбек көріністері жұмысшы табының төзімділігін және ұжымдық жауапкершілігін айқындайды. Бұл кадрлар арқылы көмір өндірісінің Қарағанды өңірі үшін стратегиялық маңызға ие болғаны және кеншілердің қоғамдағы ерекше әлеуметтік мәртебесі көрініс табады. Сонымен қатар, кеншілердің еңбек жағдайы, арнайы киімдері, қауіпсіздік шаралары сол кезеңдегі өндірістік саясат пен әлеуметтік қорғау жүйесінің деңгейін сипаттайды.

Кинохроникаларда кеншілер көбіне еңбек ерлері ретінде дәріптеледі, бұл кеңестік идеологияның айқын белгісі болып табылады және белгілі бір кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық, мәдени және идеологиялық үдерістерді көзбен көруге мүмкіндік береді. Сондықтан бұл материалдар тарихи дереккөз ретінде ерекше маңызға ие. Кинохроникалар еңбек үдерісін тікелей бейнелейтін визуалды дерек болып табылады. Жұмысшылардың шахтадағы, зауыттағы, фабрикадағы нақты еңбек жағдайы, құрал-жабдықтары, қауіпсіздік шаралары жазбаша деректерде толық қамтылмайтын қырларын ашады. Осы арқылы өндірістің шынайы сипаты мен жұмысшы тұрмысы нақты көрініс табады. Кадрларда еңбек адамын дәріптеу, кенші мамандығын мадақтау, болашақ кеншілерді тәрбиелеу көріністері кеңестік идеологияның қоғамға қалай ықпал еткенін көрсетеді. Аталған кинохроникалар жазбаша құжаттарды толықтырып, Қарағанды өңірінің индустриялық дамуы мен жұмысшы табының әлеуметтік тарихын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Архив №115 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 115], Архив №117 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 117] кинохроника материалдарында аталған жылдардағы Балхаш қаласының өндіріс орындарында жұмыс істеп жатқан жұмысшылардың металл балқыту процесі бейнеленген. Балхаш қаласының металлургиялық зауыттары, байыту цехтары және мыс балқыту зауытында еңбек еткен жұмысшылар түсірілген кинохроникалар өңірдің әлеуметтік тарихын зерттеуде дереккөз ретінде айрықша маңызға ие. Сол сияқты Архив №115 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 115] кинохроникасында Шымкент қорғасын зауытының балқыту цехындағы жұмысшылар мен бригадирлердің жұмыс ауысуы кезіндегі жұмыстары бейнеленген. Мұнда өндірістік еңбек үрдісі нақты әрі көрнекі түрде көрсетілген. Металлургиялық зауыттардағы ауыр физикалық еңбек, жоғары температура жағдайында жұмыс істеу, байыту цехтарындағы технологиялық операциялар сол кезеңдегі өндірістің күнделікті шындығын ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан кинохроникалар жұмысшы табының әлеуметтік бейнесін қалыптастырушы дерек болып табылады.

Осындай Семей қаласына қатысты маңызды дереккөздер Архив №106 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 106], Архив №107 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 107], Архив №108 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 108], Архив №118 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 118], Архив №126 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 126], Архив №113 [ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 113] кинохроника материалдарында бейнеленген. Бұл кинохроникалар жұмысшылардың еңбек жағдайын, өндірістік процестерді, техника мен құрал-жабдық деңгейін, жұмыс уақыты мен тәртібін көзбен көруге мүмкіндік береді. Ол жазба деректерде ашыла бермейтін еңбек мәдениетін зерттеуге жол ашады. Кинохроникаларда бейнеленген кадрлар арқылы жұмысшылардың

жасы, киім үлгісі, ұжымдық қарым-қатынас, әйелдер мен жастар еңбегінің үлесі анықталады. Бұл кеңестік кезеңдегі қала халқының әлеуметтік құрамын талдауда маңызды дереккөз болып табылады. Осы келтірілген кинохроникаларда еңбек ерлері, жоспарды орындау тақырыптары жиі көрсетіледі. Бұл материалдар мемлекеттік идеологияның еңбек арқылы қалай насихатталғанын зерттеуде дерек бола алады.

Семей қаласындағы зауыттар мен жол салу көріністері қаланың индустриялық өсу деңгейін, инфрақұрылым дамуын нақты бейнелейді. Бұл аймақтық әлеуметтік тарих үшін аса құнды. Кейбір кинохроникаларда жұмысшылардың жұмыс орындағы нақты жағдайы көрінеді. Мұндай мәліметтер ресми құжаттарда кездеспейді. 1950-1980 жылдардағы Семей қаласының өндірістік кинохроникалары кеңестік кезеңдегі еңбек адамдарының әлеуметтік өмірін, өндірістік қатынастарды және қаланың дамуын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін бірегей визуалды дерек көзі. Сонымен қатар бұл материалдар әлеуметтік тарихты нақты әрі шынайы зерттеуге көмектеседі.

Қорытынды. Кеңестік Қазақстан қоғамының дамуындағы жетістіктері және еңбек етуге дайын болған кеңес адамдарының ынта-жігері, ертеңгі күнге үміттері мен сенімдері туралы көп нәрсе айтатын кинохроникаларда көрініс тапқан бейнелер әлеуметтік тарихты зерттеуде дереккөз ретінде маңызды. 1950-1980 жылдардағы кинохроника материалдарының түсірілуі қолданыстағы саяси, әлеуметтік және экономикалық жүйені қолдау және нығайту үшін үгіт-насихат құралы ретінде де қызмет етті. Кинохроника материалдары бұқаралық ақпараттар құралы сияқты елдің ішінде болып жатқан оқиғалар туралы жаңалықтарды Қазақстан халқына жеткізді. Кинохроникалар тарихымыздың қысқаша нұсқаларын ұсынатындықтан, оларды кеңестік Қазақстан туралы тарихи дереккөздер санатына жатқызуға толық негіз бар. Себебі, бұл кинохроникалардың деректік маңызы уақыт өте келе әлеуметтік тарихты зерттеушілер арасында артып келеді. Кинохроника материалдары өткен уақыттардың қозғалысын, адамдардың бейнесінің түпнұсқасын сақтайды және ол болашақта тарихшылардың маңызды дереккөзіне айналатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТ

Гельмонт А.М. Кино как фактор воспитания // Вестник просвещения. 1927. № 5. С.9-21.

Готвальд В. А. Кинематограф: (живая фотография): его происхождение, устройство, современное и будущее общественное и научное значение. Москва, 1909. 120 с.

Далаева Т.Т., Султангалиева Г.С., Маничкин Н.А., Крупко И.В. Аудиовизуальные сюжеты социальной истории и культурной памяти казахстанского общества (конец XIX-начало XXI вв.). Алматы: Press Co, 2014. 320 с.

John Clarke, Seksenbayeva G. Visualizing history: the 'Soviet Kazakhstan' newsreel series // Вестник, Серия историческая. КазНУ им. Аль-Фараби. №1 (88), 2018. С. 62-70.

Кандырин Б.Н. Детское и учебное кино // Искусство в школе. 1929. № 2-3. С. 57-58.

ҚР Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архиві (ҚР ОМҚФДЖА). Арх.№ 103. «Кеңестік Қазақстан» киножурналы, 1950. № 2. Режиссер: Смирнов Я. Операторлар: Чикноверов И., Гитлевич И., Кулаков А., Шарипов.

ҚР ОМҚФДЖА. Арх.№ 104. «Кеңестік Қазақстан» киножурналы, 1950. № 2. Режиссер: Давлетбеков Х., Операторлар: Смирнов Я., Чикноверов И., Шаипов.

ҚР ОМҚФДЖА. Арх.№ 108. «Кеңестік Қазақстан» киножурналы, 1950. № 2. Режиссер: Давлетбеков Х. Операторлар: Чикноверов И., Коваль А., Сигов

ҚР ОМҚФДЖА. Арх.№ 110. «Кеңестік Қазақстан» киножурналы, 1950. № 2. Режиссер: Файк Э. Операторлар: Кулаков А., Смирнов Я., Гитлевич И., Стебут Ю.

ҚР ОМҚФДЖА. Арх.№ 115. «Кеңестік Қазақстан» киножурналы, 1950. № 2. Режиссер: Давлетбеков Х. Операторлар: Колесников А., Новожилов Г., Гитлевич

ҚР ОМҚФДЖА. Арх.№ 127. «Кеңестік Қазақстан» киножурналы, 1950. № 2. Режиссер: Файк Э. Операторлар: Коваль А., Смирнов Я., Сагимбаев М., Зайцев В.

ҚР ОМҚФДЖА. Арх.№ 130. «Кеңестік Қазақстан» киножурналы, 1950. № 2. Режиссер: Абишев О. Операторлар: Чикноверов И., Коваль Ю.

ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 106. «Кеңестік Қазақстан» киножурналы, 1950. № 2. Режиссер: Давлетбеков Х. Операторлар: Чикноверов И., Додонов М., Сагимбаев М., Зайцев В.

ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 117. «Кеңестік Қазақстан» киножурналы, 1950. № 2. Режиссер: Давлетбеков Х. Операторлар: Гитлевич И., Чикноверов И., Сагимбаев А.

ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 107. «Кеңестік Қазақстан» киножурналы, 1950. № 2. Режиссер: Абишев О. Операторлар: Чикноверов И., Гитлевич И., Додонов М.

ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 118. «Кеңестік Қазақстан» киножурналы, 1950. № 2. Режиссер: Файк Э. Операторлар: Колесников А., Чикноверов И., Зайцев В.

ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 126. «Кеңестік Қазақстан» киножурналы, 1950. № 2. Режиссер: Абишев О. Операторлар: Колесников А., Чикноверов И., Зайцев В.

ҚР ОМКФДЖА. Арх.№ 113. «Кеңестік Қазақстан» киножурналы, 1950. № 2. Режиссер: Давлетбеков Х. Операторлар: Кулаков А., Колесников А., Додонов.

Леликов В. Синематограф и школа // Сине-фото. 1908, № 9. С. 2-3.

Музовская Е. Значение кинематографа в деле преподавания // Вестник воспитания. 1909. № 5. С. 177-179.

Менжинская Ю.И. Ближайшие задачи в области кино для детей // На путях к новой школе. 1927. № 3. С. 5-14.

Первов П. Кинематограф в народной аудитории // Вестник воспитания. Петербург, 1916. №1. С. 216-236.

Пензин С.Н. Кино и эстетическое воспитание: методологические проблемы. Воронеж: Изд-во Воронеж. ун-та, 1987. 176 с.

Сексенбаева Г.А. Центральный государственный архив кинофотодокументов и звукозаписей: история и современность. Учебное пособие Алматы: Қазақ университеті, 2014. 190 с.

Сексенбаева Г.А. Аудиовизуальная репрезентация культуры Казахстана. https://studwood.net/2364474/istoriya/audiovizualnaya_reprezentatsiya_kultury_kazahstana

Черепинский С.И. Учебное кино: история становления, современное состояние, тенденции развития дидактических идей. Воронеж: Изд-во Воронеж. гос. ун-та, 1989. 168 с.

REFERENCES

Gelmont A.M. Cinema as a Factor in Education // Vestnik vospitaniye. 1927. No 5, pp. 9-21. (In Russian)

Gotvald V.A. Cinema: (living photography): its origin, structure, modern and future social and scientific significance. Moscow, 1909. 120 p. (In Russian)

Dalaeva T.T., Sultangaliyeva G.S., Manichkin N.A., Krupko I.V. Audiovisual stories of social history and cultural memory of Kazakhstani society (late 19th – early 21st centuries). Almaty: Press Co, 2014. 320 p. (In Russian)

John Clarke, Seksenbayeva G. Visualizing history: the ‘Soviet Kazakhstan’ newsreel series // Bulletin, Historical Series. Al-Farabi Kazakh National University. No 1 (88), 2018, pp. 62-70. (In English)

Kandyrin B.N. Children's and educational cinema // Art in school. 1929. No. 2-3, pp. 57-58. (In Russian)

Central State Archive of Film, Photographic Documents and Sound Recordings of the Republic of Kazakhstan (CSA FPhDSR). Arch. No. 103. “Socialist Kazakhstan” film magazines, 1950. No. 2. Director: Smirnov Y. Cameraman: Chiknoverov I., Gitlevich I., Kulakov A., Sharipov. (In Russian)

CSA FPhDSR. Arch. No. 104. “Socialist Kazakhstan” film magazines, 1950. No. 2. Director: Davletbekov Kh., Cameraman: Smirnov Y., Chiknoverov I., Shaipov. (In Russian)

CSA FPhDSR. Arch. No. 108. “Socialist Kazakhstan” film magazines, 1950. No. 2. Director: Davletbekov H. Cameraman: Chiknoverov I., Koval A., Sigov. (In Russian)

CSA FPhDSR. Arch. No. 110. “Socialist Kazakhstan” film magazines, 1950. No. 2. Director: Faik E. Cameraman: Kulakov A., Smirnov Y., Gitlevich I., Stebut Yu. (In Russian)

- CSA FPhDSR. Arch. No. 115. “Socialist Kazakhstan” film magazines, 1950. No. 2. Director: Davletbekov H. Cameraman: Kolesnikov A., Novozhilov G., Gitlevich. (In Russian)
- CSA FPhDSR. Arch. No. 127. “Socialist Kazakhstan” film magazines, 1950. No. 2. Director: Faik E. Cameraman: Koval A., Smirnov Y., Sagimbayev M., Zaitsev V. (In Russian)
- CSA FPhDSR. Arch. No. 130. “Socialist Kazakhstan” film magazines, 1950. No. 2. Director: Abishev O. Cameraman: Chiknoverov I., Koval Yu. (In Russian)
- CSA FPhDSR. Arch. No. 106. “Socialist Kazakhstan” film magazines, 1950. No. 2. Director: Davletbekov H. Cameraman: Chiknoverov I., Dodonov M., Sagimbayev M., Zaitsev V. (In Russian)
- CSA FPhDSR. Arch. No. 117. “Socialist Kazakhstan” film magazines, 1950. No. 2. Director: Davletbekov H. Cameraman: Gitlevich I., Chiknoverov I., Sagimbayev A. (In Russian)
- CSA FPhDSR. Arch. No. 107. “Socialist Kazakhstan” film magazines, 1950. No. 2. Director: Abishev O. Cameraman: Chiknoverov I., Gitlevich I., Dodonov M. (In Russian)
- CSA FPhDSR. Arch. No. 118. “Socialist Kazakhstan” film magazines, 1950. No. 2. Director: Faik E. Cameraman: Kolesnikov A., Chiknoverov I., Zaitsev V. (In Russian)
- CSA FPhDSR. Arch. No. 126. “Socialist Kazakhstan” film magazines, 1950. No. 2. Director: Abishev O. Cameraman: Kolesnikov A., Chiknoverov I., Zaitsev V. (In Russian)
- CSA FPhDSR. Arch. No. 113. “Socialist Kazakhstan” film magazines, 1950. No. 2. Director: Davletbekov H. Cameraman: Kulakov A., Kolesnikov A., Dodonov. (In Russian)
- Lelikov V.* Cinematography and School // Sine-foto. 1908, No 9, pp. 2-3. (In Russian)
- Muzovskaya E.* The Importance of Cinematography in Teaching // Vestnik vospitaniye. 1909. No 5, pp. 177-179. (In Russian)
- Menzhinskaya Yu.I.* Immediate Tasks in the Field of Cinema for Children // Towards a New School. 1927. No 3, pp. 5-14. (In Russian)
- Pervov P.* Cinema in the public audience//Bulletin of education. Pg., 1916. No. 1, pp. 216-236. (In Russian)
- Penzin S.N.* Cinema and aesthetic education: methodological problems. Voronezh: Voronezh University Publishing House, 1987. 176 p. (In Russian)
- Seksenbaeva G.A.* «Central State Archive of Film, Photo, and Sound Recordings: History and Modernity». Study Guide, Almaty: Kazakh University, 2014. 190 p. (In Russian)
- Seksenbaeva G.A.* «Audiovisual Representation of Kazakhstan's Culture». https://studwood.net/2364474/istoriya/audiovizualnaya_reprezentatsiya_kultury_kazahstana. (In Russian)
- Cherepinsky S.I.* Educational cinema: history of formation, current state, trends in the development of didactic ideas. Voronezh: Voronezh Publishing House. state University, 1989. 168 p. (In Russian)

Автор туралы мәлімет: Дәулет Ылгар – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2 курс магистранты (050010, Алматы қ-сы, Достық п-сі 13, Қазақстан). E-mail: ylgard@bk.ru

Сведения об авторе: Даулет Ылгар – магистрант 2-го курса Казахского национального педагогического университета имени Абая (050010, г. Алматы, пр. Достык, 13, Казахстан). E-mail: ylgard@bk.ru

Information about the author: Daulet Ylgar – Second-year master's student at the Kazakh National Pedagogical University named after Abai (050010, Dostyk Avenue 13, Almaty, Kazakhstan). E-mail: ylgard@bk.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 26.02.2026.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 02.03.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 11.03.2026.